

Педагогика

ӘОЖ 378: 37.026.

Әжіғалиев М.Қ.

*«Қазақ филологиясы» кафедрасының
оқытушысы, магистр,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕШЕНДІКТАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бүгінгі заман талабына сай жоғары мектепте болашақ мектеп мұғалімдерін даярлау ісінде біз педагогикалық шешендіктануды оқыту әдістемесін ұсынғымыз келеді. Бұл әдістеме - жоғары мектепте оқытудың жалпы мақсаттарымен тығыз байланысты. Ал педагогикалық шешендіктануды оқыту мәселесі қазіргі кезде терең зерттеуді қажет ететіні белгілі. Осыған орай, педагогикалық шешендіктану жалпы тұтас оқу үрдісінің бір бөлігі болып табылатындықтан, мұнда дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағидаттары басшылыққа алынады.

«Дидактика» деген сөздің өзінің грек тілінен аудармасы - оқыту, түсіндіру, дәлелдеу дегенді білдіреді, сонымен қатар «оқу» дегенді танытады.

Біздің негізгі мақсатымыз - студенттерді, яғни болашақ педагогтарды педагогикалық шешендіктану табиғатынан хабардар ету, келешек мұғалімнің сөйлеу, соның ішінде кәсіби-педагогтық сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру, жетілдіру және дамыту, студенттердің кәсіби-педагогтық шешендіктерін, бейімділіктерін дамыту.

Аристотель риториканың табиғатын түсіндіре келе, мынадай пікір айтады: «Шешендік өнер – дәрігерлік өнерге ұқсас, дәрігерлік өнер барлық адамды бірдей сауықтыра алмайды, бірақ мүмкіндігінше, сауықтыруға жақындатады. Сонымен қатар мүлде айықпайтын адамдарды тәуірлендіреді» [4]. Бұл орайда біз де бесаспап шешен мұғалімдерді қалыптастырып тастаймыз деп айта

алмасақ та, педагогтар бойына педагогикалық шешендік шеберлікті сіңіру, дарыту, аз да болса өз үлесімізді қосу деп білеміз.

Жалпы педагогикалық риторика ғылымында адамгершілік заңдары, педагогтық этика бірінші орында тұратыны белгілі. Сонда педагогикалық шешендіктану пәні – заман талабына сай, студенттердің жеке тұлға ретінде дамуына көмектесер бірден-бір жол. Ал студенттің жан-жақты дамуы – барлық дидактикалық жүйелердің басты мақсаты.

Дидактикалық заңдылықтардың ішінде басты орын оқыту мақсатына берілетіні белгілі. Осымен байланысты педагогикалық шешендіктануға үйретудің мақсатына тоқсалып өтсек.

Педагогикалық шешендіктану пәнінің мақсатын талдауда педагогикалық шешендіктанудың танымдық рөлінің бірінші орында тұратынын айта кеткен жөн. Себебі болашақ педагог маманның тіл байлығы мол, шешендік шеберлігі дамыған болса, ол соғұрлым қоршаған ортадағы нәрселер мен құбылыстарды, сондай-ақ педагогикалық ұжымда өзін де, айналасындағыларды да, олардың қасиеттерін де толығырақ тани алады. Оларды түсіне тұра, кәсіби шешендік тереңіне бойлай түседі, соның әдістерін меңгереді, сөйтіп педагогикалық шешендіктің сырын ғана емес, педагогикалық ойлаудың да тереңдей түсуіне мүмкіндік жасайды. Бұл мақсатымыз жалпы түрде сипатталып отырса да, оның негізгі бастауы дидактикадан алынды.

Студенттердің бойында педагогтық қасиеттердің қалыптасуы, сол қасиеттердің шешендік өнерді тануы арқылы өркендеуі біздің пәніміздің басты мақсаты болып табылады. Бұл орайда атақты Квинтилианның «Мұғалімнің сөзінде шектен шыққан еш нәрсе болмауы керек» деген пікірінің астарында сөз әдебі мен педагогтың өзін-өзі ұстауын қалыптастыратын талап жатқаны деп білсек, «қарапайымдылық, сабырлылық, шыдамдылық – мұғалімнің оқушылармен сөйлесу барысында ұсталуы тиіс талаптар» дегені біз студенттерді педагогикалық шешендіктануға баулу барысындағы мақсатымызбен тұспа-тұс келеді.

Дидактика үшін басты мәселелердің бірі – оқылатын дүниеміздің ұлттық шеңберге сәйкес болып келуі. Яғни педагогикалық шешендіктануды үйрету барысында әр ұстаз педагогтың кәсіби шешендік шеберліктерін жетілдіруде ұлттық құндылықтарымызды жоймай болашақ мұғалімдерімізді үйрету.

Дидактиканың келесі бір тұсы – оқытудың мазмұнын анықтау. Ал жалпы оқыту мазмұнының өзі мақсаттан туындайтын

бағдарламадан басталады. Осы орайда біз профессор А.С.Қыдыршаевпен бірлесе отырып, «Педагогикалық шешендіктану» /педагогикалық институттардағы филолог емес мамандарға арналған/ курсының бағдарламасын жасаған болатынбыз. Біз бағдарламамызды жасауда бағдарлама жасаудың дидактикалық ғылыми негіздері мен критерийлерін басшылыққа алып отырдық. Бағдарлама дегеніміз – тек қана тақырыптардың жай ғана жиынтығы емес, студенттердің қандай іс-әрекеттерді, амалдарды орындаулары керек, одан қандай нәтижелер алынуы тиіс, қандай шарттар орындалып, қандай мүмкіншіліктер танылуы керек, қандай қабілеттер қажет, т.с.с. мәселелерді қамтитын құжат екені белгілі [4].

Оқыту мазмұнының белгілі бір тәртіптелген құрылымы, жүйесі ретінде бағдарлама ерекше құжат екенін көреміз. Бағдарлама оқытудың теориялық концепцияларына сүйенеді. Сонымен қатар оқытудың бағдарламасы өзі өмір сүріп отырған қоғамның, мемлекеттің сұранысына, талаптарына сай жасалады. Бірақ, дидактик ғалымдардың айтуынша, барлық мемлекеттер мен қоғамдарға тән ортақ критерийлер бар, соның негізінде жекелеген мемлекеттердің оқу жүйелерінің, дербес пәндерінің бағдарламалары жасалынады. В. Оконьның көрсетуінше, ондай ортақ талаптар мыналар:

«- оқушымен, жалпы дамитын адаммен байланысты, оқу үрдісіне енетін адаммен байланысты талап;

- оқытумен тікелей байланысты болып келетін мәдениеттің дамуымен байланысты;

- өзгерушілік қасиеті бар қоғаммен байланысты талап» [3].

Біз де бағдарламамызды осындай талаптарға сай жасауды жөн көрдік. Мұндағы «дамитын адам» критериіне біздің бағдарламамыздың сәйкес келетін тұсы өте көп. Адамның дамуы оның тілінің шебер дамуымен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан да болашақ мұғалімдердің даму ерекшеліктеріне сәйкес, олардың кәсіби білімдерін қалыптастыруға да қажетті нәрсе ретінде педагогикалық шешендіктануға баулу курсының бағдарламасын анықтадық. Бағдарламада студенттерге қойылатын талаптарды лекция барысында, семинар сабақтар, оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмыстары барысында да қарастыру көзделді.

Дидактикалық негіздің келесі маңызды бөлігі – осы бағдарламадан туындайтын – оқытудың нақты үрдіс ретіндегі

мазмұны, яғни пәннің мазмұны. Дидактикада оқыту мазмұнын – формальдық тұрғыдан қарастыру – бұл негізінен жоғары оқу орындарының оқу жоспарымен тығыз байланысты. Осыған орай, «Педагогикалық шешендіктану» курсының осы оқу жоспарында алатын орны белгіленіп, оның басқа пәндермен, курстармен байланысы мен мақсаты, бірлігі танылу жайындағы мәселелер берілді.

Педагогикалық шешендіктанудың өзіндік ерекшелігі оның тіл жүйесінің бірліктерінің ерекше қызметі туралы білім берумен, студенттердің сөйлеу үрдісіндегі жеке ерекшеліктерін жалпы адам бойындағы сөйлеудің шешендік түріне қатыстылық дәрежесін анықтау мен адамның дүниетанымын өзгертуге, қалыптастыруға, дамытуға шешендік өнердің ықпалы зор екендігін меңгертумен байланысты анықталады.

Студенттерге педагогикалық шешендіктану курсы оқытуда тіл білімінің барлық ғылыми салаларының нәтижелеріне, әсіресе жаңа салаларына /стилистика, коммуникативтік лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, т.б./ ерекше көңіл бөле отырып, дидактикалық талаптарға сай меңгерту жолы көзделді. Педагогикалық шешендіктану курсы арқылы студенттің барлық басқа пәндерді меңгеруіне де игі ықпалын тигізу мәселелері де ескерілді. Өйткені, педагогикалық шешендіктануды меңгертуде, студенттерге барлық пәндер бойынша алған білімдері мен оларды түсіну және түсіндіре білу біліктері міндетті түрде қалыптастырылады.

«Педагогикалық шешендіктану» курсы - бізде кейінгі кезде ғана оқытыла бастаған жаңа пән. Сондықтан оны оқытудың көптеген ерекшеліктері бар, тіпті студенттер ана тілінің мүмкіндіктері туралы да көптеген жаңа фактілерге дерексіз амалдар жасау арқылы және оларды іс жүзінде пайдалана отырып қана қол жеткізіледі.

Пәннің тиімді меңгерілуі жүзеге асуы үшін, біріншіден, жүйелі ұйымдастырылған практикалық іс-әрекеттер жасалуы керек, екіншіден, студенттерді белгілі бір заңдылықтар мен ережелер жасай білуге, жалпылай білуге дағдыландыру керек, сондай-ақ, студенттердің өз бетімен жұмыс істеуін дұрыс ұйымдастыру, студенттердің өзіндік ізденіс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыс дұрыс іріктелуі керек болады.

Дидактика – үлкен ғылым саласы. Қорыта айтқанда, шағын ғана мақалада педагогикалық шешендіктануды оқытудың

дидактикалық негіздерінің барлық ұстанымдары, заңдылықтары, сонымен қатар критерийлері мен талаптары толықтай ашылмаса да, жалпылай мағлұмат бердік деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдыршаев А.С. Шешен - лектор профессиограммасы. Орал, 2004. – 56 б.
2. Қыдыршаев А.С. Жоғары оқу орындарында шешендік өнер негіздерін оқыту мәселелері // БҚМУ хабаршысы, 2000, №1. - 58-65- б.б.
3. Оконь В. Введение в общую дидактику. – М., 1990. – 210 с.
4. Қалимұқашева Б.Д. Студенттерге шешендік өнерді үйрету әдістемесі. Автореферат. Дисс. филология ғыл. канд. – Алматы, 2000.

В этой статье представлены дидактические основы педагогической риторики.

In this article is described didactic basis of pedagogical rhetoric.

УДК 613+614

*Амельченко Л.Б.
преподаватель ЗКГУ им. М.Утемисова*

**ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ - БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И НВП ПРЕДМЕТАМ МЕДИКО-
БИОЛОГИЧЕСКОГО ЦИКЛА**

В условиях необходимости интеграции высшего физкультурного образования Республики Казахстана и других республик СНГ в международное образовательное пространство, перед преподавателями вузов этих республик возникли новые задачи. Это вызвано главным образом переходом в подготовке специалистов физической культуры от знаниевого к компетентностному подходу и к многоуровневой структуре высшего образования. Само понятие «образование», в соответствии с рекомендациями группы экспертов международной стандартной классификации (МСКО) ЮНЕСКО, расширилось и предусматривает все виды преднамеренной и систематической деятельности, осуществляемой в целях удовлетворения образовательных потребностей. При этом понятие «образование»